

## Индер аудандық Қоғамдық кеңесінің 2023 жыл ішінде атқарылған жұмыстары туралы ЕСЕБІ

2023 жылдың ішінде Қоғамдық кеңестің 26 (жиырма алты) отырысы өтті. Оның ішінде жоспарға сәйкес 10 (он) мемлекеттік органның жұмысының нәтижелері туралы есебі тыңдалды және 8 (сегіз) жоспардан тыс мәселе талқыланды, 51 (елу бір) нормативтік құқықтық актілердің жобалары қаралды.

**Жоспарға сәйкес:** Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқық, төтенше жағдайлар және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау бөлімінің басшысы Н.Сағынғалиевтің «Индер ауданының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен проблемалық мәселелері, оның шешілу жолдары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы» баяндамасы әр тоқсан сайын тыңдалып, Индер ауданының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын үнемі бақылауда ұстау; Өзіне өзі қызмет көрсету бұрыштарының қарқынды жұмыс жасауына жағдай жасау; Мемлекеттік қызмет алушылармен кері байланыс орнату (кемшіліктерді анықтау мақсатында) туралы және тағы да басқа ұсыныстар берілді.

Аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Ш.С.Сабированың «Аудан мектептеріндегі ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және білім бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері, балалардың сабақтан тыс және жазғы кезеңдерде бос уақыттарын өткізу туралы» баяндамасы тыңдалып, жөндеуді қажет ететін аудан мектептеріне қаржы сұранысын беру; Аудан мектептеріндегі жарамсыз өрт сөндіру гидранттарын ауыстыру; Мектептерде велосипед тұрағын ұйымдастыру; Мамандықты дұрыс таңдау мақсатында 5-сыныптан бастап кәсіптік бағдарлау тестілерін ұйымдастыру; Бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың өз ойын еркін жеткізу мақсатында «Көпшілік алдында сөйлеу», «Дауыс қою» үйірмелерін ашу; Балабақшалардан логопед маманының кабинеттерін ашу; Оқушыларды қоршаған орта қандай заттардан зардап шегіп, ластанып жатқаны туралы үнемі ақпараттандыру және тазалыққа шақыру жұмыстарын жүргізу ұсынылған болатын.

«Индер аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның директоры А.Х.Доспаеваның «Аудан бойынша денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер және аудандық емхананың күрделі жөндеуі мен реконструкциясы туралы» баяндамасы тыңдалып, Аудандық ауруханаға Қазақстанның әр өңірінен қажетті дәрігер мамандарды шақыруды ұйымдастыру және оларға қолайлы жағдай жасауды қолға алу; Дәрігер қабылдауына тіркелу, жолдама беру сияқты жұмыстарды цифрландыру (онлайн форматқа көшіру); Ауылдық округтердегі дәрігерлік пункттерді автокөлікпен қамту мәселесін қолға алу ұсынылды.

Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ж.Тілепқалиеваның «Аудан тұрғындарының рухани мәдениетін көтеру мақсатындағы іс шаралар туралы», «Аудан бойынша үйірмелердің тиімділігін арттыру мен насихат жұмыстары туралы» баяндамалары тыңдалып, Мәдени құндылықтарды дамыту бағытында бейне нұсқаулық, ескертпелер дайындау. (*Әр шара алдында көрсету*); Тазалық мәдениетін



қалыптастыру мақсатында Индербор кенті әкімдігімен бірлесіп аудан тұрғындарын тазалыққа шақыру мақсатында мәдени шаралар ұйымдастыру; Өз ұлтын, елін сүйетін рухы мықты жастарды тәрбиелеу бағытындағы мәдени шараларды, қойылымдардың санын арттыру; Үйірме жұмыстарының нәтижесін жариялау және штат санын арттыруға сұраныс беру;

Оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін, эстетикалық талғамдарын дамытуға баса назар аудару; Заман талабына сай жаңа үйірмелер ашу ұсынылды.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Дюсубалиеваның «Аудандағы діни ахуалдың жай күйі, діни тұрақтылықты сақтау және нығайту бағытында атқарылған жұмыстары туралы» баяндамасы тыңдалып, Аудандағы діни ахуалдың жай күйі, діни тұрақтылықты сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу және шаралар ұйымдастыруда аудан жастарын барынша қамту т.б ұсыныстар берілді.

Аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Б.Қайыржановтың «Аудандағы қоғамдық тәртіп, жол қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстары туралы» баяндамасы тыңдалып, мекемелерге төмендегідей ұсыныстар берілді: Қоғамдық тәртіпті жақсарту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру және заң талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге көңіл бөлу; Кеңес отырысында көтерілген мәселелер бойынша (Б.Момышұлы көшесіне жасанды жол кедергісін орнату; Амангелді көшесінде орнатылған бір бағытта жүруге арналған жол белгісін алып тастау; Темір қабылдайтын орынның орналасуының заңдылығын қарау; Ш.Уалиханов мектебінің жанындағы жол кедергісінің орынын ауыстыру) кент әкімшілігімен бірлесіп жұмыстар жүргізу. Индер ауданының әкіміне: Аудандық аурухананың жанынан наркологиялық диспансер ашу.

**Жоспардан тыс:** «Әйіп қажы» мешітінің бас имамы Е.Қамзағалиевтің «Әйіп қажы» мешітін жандандыру мақсатында Индербор кентінен жер алу мәселесі бойынша хабарламасы тыңдалып, 2 (екі) тілде ұсыным жолданды.

Аудандық Қоғамдық кеңестің хатшылығының «Индер аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамына өзгеріс енгізу туралы» хабарламасы тыңдалып, Аудандық мәслихат аппаратына «Индер аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу үшін хат жолданды.

Индербор кентінде апатты деп танылған З.Қабдешов көшесінде орналасқан екі қабатты 5 (бес) тұрғын үйдің бірінші кезекте көшірілуге жататын 3 (үш) тұрғын үйді анықтау мақсатында комиссия құру туралы мәселе қаралып, «Индербор кентінде апатты деп танылған З.Қабдешов көшесінде орналасқан тұрғын үйлерді зерделеу туралы» Қоғамдық кеңестің жанынан уақытша комиссия құрылды.

Қоғамдық кеңестің «Индербор кентінде апатты деп танылған З.Қабдешов көшесінде орналасқан тұрғын үйлерді зерделеу туралы» уақытша комиссиясының қорытынды анықтамасы тыңдалып, аудандық мәслихат аппаратына 2 (екі) тілде ұсыным берілді және Қоғамдық кеңестің «Индербор кентінде апатты деп танылған З.Қабдешов көшесінде орналасқан тұрғын үйлерді зерделеу туралы» уақытша комиссиясының өкілеттігі тоқтатылды.

Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ш.Сабиrowаның «Индер ауданы бойынша мектептердің жаңа оқу жылына даярлығы туралы»



хабарламасы тыңдалып, мәліметтері Атырау облыстық Қоғамдық кеңеске жолданды.

Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқық, төтенше жағдайлар және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау бөлімінің бас маман - заңгері А.Каукуенованың Индер ауданы әкімі аппаратында және кейбір дербес бөлімдерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша анықтамасы тыңдалып, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен тыс азаматтарды қатынастыру; Осы бағытта атқарылған жұмыстарды әлеуметтік желіге жариялау ұсынылды.

Индер ауданының 2013 – 2019 жылдардағы әкімі Арыстан Серік Бисешұлын «Индер ауданының Құрметті азаматы» атағына ұсыну туралы мәселе қаралып, аудан әкімі аппаратына ұсыныс берілді.

Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы А.Үсенқызының «Ауыл шаруашылығы мақсатында конкурса шығарылатын жер телімдерінің тізбесіне келісім беру туралы» мәселесі қаралып, келісім хат жолданды.

**Кеңес отырысында қаралған НҚА жобалары:** «2023 жылға арналған Индер ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешім жобасы; «Индер аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы №329-VI «Индер ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешім жобасы; «Индер ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасы; «Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулы жобасы. «Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі №93 «Индер ауданы әкімдігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» және 2022 жылғы 7 ақпандағы №19 «Индер ауданы әкімдігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі №93 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулыларының күші жойылды деп тану туралы» қаулы жобасы; «Атырау облысы, Индер ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» шешім жобасы; Индер аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы №187-VI «Индер аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» және 2022 жылғы 23 ақпандағы №89-VII Индер аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы №187-VI «Индер аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімінің күші жойылды деп тану



туралы» шешім жобасы. «Индер ауданы бойынша 2023 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы» шешім жобасы; «Индер ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» шешім жобасы; «Индер ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі «Индер ауданы аумағында ішкі сауда субъектілеріне шатырларда (павильондарда) көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды айқындау туралы» №54 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулы жобасы; «Индер аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 тамыздағы №132-VI «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешім жобасы; «Индер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 қарашадағы №315-V «Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын айқындау тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы» шешім жобасы. «Индер аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» шешім жобасы; «Индер ауданы әкімдігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін бекіту туралы» қаулы жобасы; Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №129 «Атырау облысы Индер ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы» қаулысының күші жойылды деп тану туралы» қаулы жобасы; Индер аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №158-VII «2023-2025 жылдарға арналған Индер ауданының бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №165-VII «2023-2025 жылдарға арналған Индер ауданының ауылдық округтерінің және Индербор кентінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешім жобалары; «Индер аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» шешім жобасы; «Индер аудандық мәслихатының «Индер ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы» 2015 жылғы 25 қарашадағы №317-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешім жобасы; «Индер ауданының мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулы жобасы; «Индер аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі туралы» шешім жобасы; «Индер ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қарашадағы №344 «Индер ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидасын бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулы жобасы; «Индер ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы» қаулы жобасы; «Индер ауданының мүгедектерін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қарашадағы №244 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» қаулы жобасы; «Кейбір коммуналдық мемлекеттік мекемелерді қайта атау туралы» қаулы жобасы; «Атырау облысы Индер ауданының Есбол ауылындағы көшелерге атау беру



туралы» шешім жобасы; «Индер аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №158-VII «2023-2025 жылдарға арналған Индер ауданының бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»; «Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №165-VII «2023-2025 жылдарға арналған Индер ауданының ауылдық округтерінің және Индербор кентінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешім жобалары; «Индер ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне 2023 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы» шешім жобалары; «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы»; «Индер ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» қаулы жобасы; «Индер ауданы әкімдігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін бекіту туралы» қаулы жобасы; «Индер ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасы; «Индер ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимінің ставкасын төмендету туралы» шешім жобасы; «2023 жылға арналған Индер ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы» Индер аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы №9 – VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешім жобасы; «Индер аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»; «Индер ауданының Индербор кенті және ауылдық округтердегі қоғамдастық жиналыстарының регламенттерін бекіту туралы» шешім жобасы; «Есбол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Атырау облысы Индер ауданы Өрлік ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Атырау облысы Индер ауданы Көктоғай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Атырау облысы Индер ауданы Бөдене ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Атырау облысы Индер ауданы Жарсуат ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Индер аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» шешім жобасы; «Атырау облысы Индер ауданы



Индербор кентінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешім жобасы; «Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері бойынша» шешім жобасы; «Индер ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бөлу туралы» қаулы жобасы; «Индер аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №158-VII «2023-2025 жылдарға арналған Индер ауданының бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешім жобасы»; «Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №165-VII «2023-2025 жылдарға арналған Индер ауданының ауылдық округтерінің және Индербор кентінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешім жобасы»; «2024-2026 жылдарға арналған Индер ауданының бюджетін бекіту туралы» шешім жобасы; «2024-2026 жылдарға арналған Индербор кенті, ауылдық округтердің бюджетін бекіту туралы» шешім жобасы; «Аудандық бюджеттен қаржыландыратын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» қаулы жобасы.

Кеңес отырысында қарармен қабылданған ұсыныстар тиісті сала басшыларына жолданды.

Индер аудандық Қоғамдық кеңесінің отырыстары туралы мәліметтер «DENDER» саяси қоғамдық газетінде, Қоғамдық кеңестің *facebook* парақшасында, Индер аудандық мәслихат аппаратының интернет ресурсында ([www.gov.kz](http://www.gov.kz)) және КазКенес сайтында ([kazkenes.kz](http://kazkenes.kz)) жарияланды.

**Индер аудандық Қоғамдық кеңес**